

Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Факультет: №2 Медицина

Тақырыбы: **Ішек инфекцияларының қоздырғыштары.
Эшерихиялар, Шигеллалар.**

Қабылдаған: Байтұрсынов Қ.Қ.

Орындаған: Усербаева Д.

Тобы: ЖМ - 103

Түркістан-2012

Эшерихиялар

Шигеллалар

Патшалығы: прокариот

Класы: бактерия

Туқымдастығы:

Enterobacteriaceae

Таксономи ясы

Туыстастығы: *Escherichia*.
Түрі: *E.coli*,
E.adecarboxylata,
E.blattae, *E. hermanii*,
E.vulneris, *E.fergusonii*.

Туыстастығы: *Shigella*
Түрі: *S.dysenteriae* (A
серотобы); *S.flexneri* (B);
S.boidii (C); *S.sonnei* (B).

Морфолог иялық,

тинктори ялдық

қасиеттер і

E.coli екі шеттері жұмырланған, ұсақ, грам теріс таяқшалар, жағындыда ретсіз орналасқан, спора түзбейді, кейбір штамдары микрокапсулаға ие перитрихтар; талшықтардан басқа кірпікшелер де анықталады.

Шигеллалар - грам теріс, шеттері жұмырланға таяқшалар, спора түзбейді, талшықтары жоқ, қозғалмайды. Көптеген штамдарда түктер мен жыныстық кірпікшелер анықталады. Кейбір шигеллалар микрокапсулаға ие.



Дақылда ндыру

Қоректік ортаға талғамсыз, рН 7,2-7,4 болатын қарапайым қоректік орталарда 37°C-та жақсы өседі, сұйық ортада диффузды лайланып, түбінде түнба беріп өссе, тығыз қоректік орталарда жылтыр жартылай мөлдір *S* және *R* колониялар түзеді.

Олар қоректік ортаға талғамсыз, рН 7,2-7,4 болатын қарапайым қоректік орталарда 37°C-та жақсы өседі. Тығыз ортада ұсақ мөлдір колониялар, ал сұйық ортада диффузды лайлану түзеді. Шигеллаларды өсіру үшін байыту ортасы ретінде көбінесе селенит сорпасын қолданады.

Фермент тік белсенді лігі.

E.coli жоғары ферменттік белсенділікке ие. Көбінесе глюкоза, лактоза, маннит, галактоза, кейде сахарозаны қышқыл мен тұзға дейін ферменттейді, индол түзеді, әдетте H_2S түзбейді, желатинді ыдыратпайды.

Ферменттік белсенділігі төмен. Көмірсуларды қышқыл түзе отырып ыдыратады. Шигеллаларды ажыратуға мүмкіндік беретін негізгі белгі олардың маннитке қатынасы: *Shigella dysenteriae* маннитті ыдыратпайды, В, С, О топқа жататын окілдері маннитті ыдыратады, маннитпозитивті.

Антигендік қасиеті

Ішек таяқшасында О-соматикалық антигені бойынша 164, Н-жіпшелі антигені бойынша 55 сероварианты, К-капсулалық антигені бойынша 90 сероварианты бар.

Шигеллалар О және К антигендерге ие. Неғұрлым күрделісі *Shigella flexneri*, оның типтік және топтық антигендері бар.

Патогендік факторлары

- Адгезия және колонизация факторлары.
- Инвазиялық факторлары.
- Экзотоксиндер
- Цитотоксиндер

- Адгезиялық және колонизациялық факторлар
- Екінші топқа инвазия факторы
- Үшінші топқа эндотоксин және экзотоксин кіреді.
- Экзотоксиннің 2 түрі: Шига және шига тәрізді.

Резистенттілігі

E.coli қоршаған ортаның әртүрлі орларының әсеріне аса жоғары төзімділігімен ерекшеленеді.


Дезинфекциялық заттардың әсерінен жойылады. 60° C температурамен қыздырғанда 15 минутта өледі.

Химиялық және физикалық факторларға тұрақтылығы төмен. Дизентерия қоздырғышы қоршаған ортада 5-14 тәулік тіршілік етеді. Қыздырғанда 60° C температурада 10-20 минуттан соң өледі. Дезинфекциялық заттар шигеллаларды тез жояды.

Эпидемиологиясы

Инфекция көзі ауру адамдар мен жануарлар болып табылады. Инфекцияның таралу механизмі ауыз қуысы арқылы, негізгі таралу жолдары - тағамдық (гамбургер, картоп, майонез, сүт, ауыз суы), қарым-қатынастық және тұрмыстық.

Инфекция көзі ауру адам мен тасымалдаушы. Инфекцияның таралу механизмі - фекальді-оральді.. Мысалы, Зонне шигелласы көбінесе тағамдық жолмен таралады, Флекснер шигелласы - су арқылы, ал Григорьев - Шиг варианты тұрмыстық- қатынас жолдары арқылы таралумен сипатталады.



Патоген езі

E.coli түрі шартты - патогенді эшерихиялар (эндогенді іріңді-қабыну процестерін тудырады) және диареягенді деп топшаларға бөлінеді.

Шигеллалар ауыз арқылы асқазан-ішек жолына түсіп, тоқ ішекке жетеді. Қоздырғыштар пили (кірпікшелер) мен сыртқы мембрананың ақуыздарының көмегімен эпителий жасушаларына жабысады. жасушалардың ішіне өтіп, сонда көбейеді, нәтижесінде тоқ ішек жасушалары бұзылып, капиллярлардың тромбозды қабынуы басталады.

Клиника лық көрініст ері

Жасырын кезеңі 2-ден 6 күнге дейін созылады. Ауру қызудың жедел жоғарылауымен, іш өту мен құсудан басталады. Сусыздану дамиды, нәжісте қан пайда болып, бүйректің зақымдану белгілері байқалуы мүмкін.

Ауру жедел басталады. Патологиялық процесс ішекпен шектеледі. Жасырын кезеңі 1 күннен 5 күнге дейін созылады. Ауру дене температурасының 38-39°C-қа дейін көтеріліп, : іші ауырып, іштің өтуі пайда болады. Нәжісте қан мен шырыш қоспалары анықталады.

Иммуни теті

Парентералды эшерихиоздар көбінде иммунды тапшылық жағдайда дамиды. Оған тұрақты иммунитет қалыптаспайды. Ішектік эшерихиоздар кезінде жергілікті иммунитет қалыптасады

Аурудан кейін пайда болған иммунитет түрлік қана емес, сонымен қатар вариантты спецификалық болып келеді. Ол ұзаққа созылмайды және тұрақсыз.

Алдын алуы

Спецификалық профилактикасы жоқ. Бейспецификалық профилактикалық шараларына санитарлық - гигиеналық талаптар, су қоймаларының, тағамдық өндірістердің, ас тағамдарының санитарлық қадағалануы жатады.

Инфекцияның алдын-алу мақсатында, жылдам жағдайларда пайдаланылатын жалғыз препарат - дизентериялық бактериофаг болып табылады. Негізгі маңызды орынды бейспецификалық алдын- алу алады.

- ішектің қалыпты микрофлорасы
- грам теріс таяқшалар
- кейбір штамдары микрокапсулаға ие
- факультативті анаэробтар
- тоқ ішекте өтеді
- тұрақсыз иммунитет
- рН 7,2-7,4

Ерекшеліктері

- талшықтардан басқа кірпікшелері болады
- ферменттік белсенділікке ие
- Ішектік эшерихиоздар кезінде жергілікті иммунитет қалыптасады
- дифференциялды-диагностикалық орталарда кең қолданылады

- талшықтары жоқ
- қозғалмайды
- ферменттік белсенділігі төмен
- химиялық және физикалық факторларға тұрақтылығы төмен
- өсіру үшін селенит сорпасын қолданады

НАЗАР АУДАРҒАНДАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ

